

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІң, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫң
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІң және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІң ГАЗЕТІ

№ 153 (9215) | 1953 жылғы 1 август Сенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

МОСКВА

Советтік Социалистік Республикалар Одағы Министрлер Советінің Председателі Георгий Максимилианович МАЛЕНКОВ жолдасқа

Құрметті Председатель жолдас!

Корей Халық -Демократиялық Республикасының үкметі және бүкіл халқы атынан Сізге және Сіз арқылы Совет Үкметі мен бүкіл совет халқына америка империалистерінің корей халқыға қарсы жүргізген қантөгіс соғысында корей халқы мен қытай халық еріктілерінің тарихи жеңісіне байланысты қызу құттықтағаныңыз үшін маған шын жүректен алғыс айтуға рұқсат етіңіз.

Совет халқының корей халқына көрсеткен орасан зор адал көмегі және қолдауы америка басқыншыларына қарсы Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғаған ұшжыл-

дық қиын соғыстағы біздің жеңістеріміздің негізгі факторларының бірі және уақытша бітіммен байланысты корей халқының өз Отанын бейбітшілік жолмен біріктіру жөніндегі негізгі мақсаттарына жетісуді ойдағыдай жүзеге асырудың, соғыс бүлдірген халық шаруашылығын тезінен қалпына келтірудің сенімді кепілі болатындығына шексіз сенемін.

Өз Отанын біріктіруге байланысты міндеттерді шешуге кіріскен корей халқына Совет Үкметінің қолдан келетін көмектің барлығын көрсетуге әзірлік білдіруі біздің сенімімізді нығайтып, өз жұмысымызда біздерді жаңа жеңістерге рухтандырады.

Корей Халық -Демократиялық Республикасының Министрлер Кабинетінің Председателі КИМ ИР СЕН.

Пхеньян, 1953 жылғы 29 июль.

МОСКВА

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Сыртқы Істер Министрі Вячеслав Михайлович МОЛОТОВ жолдасқа

Құрметті Министр жолдас, уақытша бітім туралы келісімге қол қою және америка қарулы агрессорлары жүргізген корей соғысының тоқтатылуымен байланысты қызу құттықтауыңыз үшін Сізге зор құрметімді білдіремін.

Ұлы совет халқының және халықтық демократия елдері туысқан халықтарының белсенді көмегі және ниеттестігі түпкілікті корей халқының өзінің жеңісіне мызғымас сенімін нығайтты және біздің жеңісіміздің сенімді кепілі болды.

Отанымыздың бірлігі мен тәуелсіздігіне бейбітшілік жолмен жетісу міндеттерін ойдағыдай шешу үшін және соғыстан кейін халық шаруашылығын дамыту үшін күресте уақытша бітіммен байланысты совет халқы және халықтық демократия елдерінің халықтары көрсететін көмек пен қолдау бізді жаңа ірі табыстарға рухтандырып, өзіміздің жеңісімізге сенімімізді нығайта береді.

Сыртқы Істер Министрінің міндетін атқарушы ЛИ ДОН ГЕН.

Пхеньян, 1953 жылғы 29 июль.

Колхоздардың егін жыйнау кезіндегі жұмыс жоспары

Партиямыз бен үкметіміздің күнбе-күнгі қамқорлығы арқасында социалистік ауыл шаруашылығы отандық маңдай алды техникамен барған сайын мол жабдық-

кеңінен қатыстырылды. Бұл жоспарды егін жыйнау мен астық дайындауға ішкі мүмкіншіліктерді толық жұмылдыруға жа-

жеткілікті бөлінген. Мұның бәрі жұмыс жоспарында кеңінен баяндалған.

Колхоздың егін жыйнау кезіндегі жұ-

Біз республиканың ауыл шаруашылығының барлық еңбекшілерін егінді мезгілінде, ысырапсыз жыйнауды, астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындауды көздейтін социалистік жарысты кең өрістетуге, сөйтіп, еліміздегі коммунизм құрылысы ісіне лайықты үлес қосуға шақырамыз.

(Ақмолалықтардың үндеуінен).

Егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйнап алайық, астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындайық!

Қазақ ССР ауыл шаруашылығының барлық еңбекшілеріне Ақмола облысының колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің, МТС-тер, совхоздар, дайындау пункттері, автомобиль шаруашылықтары қызметкерлерінің және ауыл шаруашылығы мамандарының

Ү Н Д Е У І

Қымбатты жолдастар!

Біздің қуатты Советтік мемлекетіміз коммунизм жолында берік сеніммен алға басып келеді. Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне тығыз топтасқан совет халқы Совет Одағының Коммунистік партиясы XIX съезінің қарарларын ойдағыдай жүзеге асыруда.

Совет адамдарының бейбіт жемісті еңбегі коммунистік құрылыстың барлық салаларында барған сайын жаңа табыстарға жеткізуде. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының өркендеуі негізінде еліміздің еңбекшілерінің әл-ауқаты мен мәдениет дәрежесі үздіксіз артуда.

Бүкіл елімізде кең өріс алған, бесінші бесжылдық жоспарды неғұрлым тез орындауды көздейтін бүкілхалықтық социалистік жарыс тамаша нәтижелер беруде. Бүкіл совет халқымен бірге, біздің Ақмола облысының ауыл шаруашылығының еңбекшілері де быыл жаңа табыстарға жетті. Колхоздар, МТС-тер және совхоздар көктем егісін мезгілінде, сапалы өткізіп, жаздық дақылдар егу жоспарын асыра орындады, егіс көлемін едәуір ұлғайтты.

Колхозшылардың, МТС және совхоз қызметкерлерінің, ауыл шаруашылығы мамандарының қажырлы еңбегі нәтижесінде облыста барлық ауылшаруашылық дақылдары бітік шырып, пісіп келеді.

Көзір ауыл шаруашылығында ең жауапты және ең қызу кезең —егін жыйнау және астық дайындау кезеңі басталды.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ауыл шаруашылығын техникамен жабдықтауға үздіксіз қамқорлық жасауы арқасында бізде жаңа егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйнауға, мемлекетке астық ташыру міндеттемелерін аброймен орындауға не керекті жағдайдың бәрі бар.

Ұлы социалистік Отанымыздың экономикалық қуатын оның сайын нығайтуға қамқорлықпен жігерленген біздер, колхозшылар, колхозшы әйелдер, МТС-тер мен совхоздардың, дайындау пункттері мен автомобиль шаруашылықтарының қызметкерлері, ауыл шаруашылығының мамандары, егін жый-

барлық ішкі резервтер мен мүмкіншіліктерді толық пайдалануға барлық шараларды қолданамыз.

Біз күніне әрбір «Сталинец—6» комбайнымен кемінде 20 гектар, «Сталинец—1» комбайнымен 22 гектар, «СЗК» комбайнымен 15 гектар және өздігінен жүретін комбайнымен кемінде 17 гектар егін жыйнауға міндеттенеміз. Әрбір 15 футтық комбайнымен маусымда кемінде 600-700 гектар егін жыйнаймыз. Егін жыйнау жұмысындағы әрбір комбайншыны және әрбір колхозшыны күндік нормаларды күн сайын толық және асыра орындайтын етеміз. Егін жыйнайтын барлық жай машиналардың жұмысты неғұрлым өндіріп істеуін қамтамасыз етеміз.

5. Егінді үздіксіз әдіспен жыйнауды ұйымдастырамыз, астық тазарту жұмыстарын кеңінен механикаландырамыз, әрбір колхозда механикаландырылған қырман жасаймыз, сөйтіп, күн сайын бастырылған астықтың сол күні тазартылып, дайындау пунктіне жеткізілуін қамтамасыз етеміз. Егін жыйнаудың ізінше оның сабанын зағондардың аяғына түріп апарып, мезгілімен маялауды ұйымдастырамыз. Егін жыйнау мерзімінде аңызды сыдыра жыртамыз. Мұның үшін аңызды сыдыра жырталын 400 агрегат әзірлейміз.

6. «Заготзернога» қараған барлық пункттердің жұмысты мінсіз атқаруын қамтамасыз етеміз, дайындау пункттерінің бәрінде колхоздар мен совхоздардан әкелінген астықты күн тәулігі бойына тоқтаусыз қабылдауды ұйымдастырамыз.

7. Колхоздар мен совхоздардың қырымдарынан дайындау пункттеріне астық тасыйтын барлық автомашиналардың тоқтаусыз жұмыс істеуін ұйымдастырамыз, астық тасудың шаппаң әдістерін қолданамыз, астықты тиенде және түсіргенде автомашиналардың бос қарап тұрып қалуына жол бермейміз.

8. Егін даласында өсірілген барлық астықты ысырапсыз жыйнауға барлық шараларды қолданамыз. Егін жыйнау жұмыстарының жақсы сапалы болуы үшін батыл күрес жүргіземіз.

талуда. Мұндай қуатты техникамен облысымыздың МТС-тері, колхоздары мен совхоздары да көрегенше қаруланған. Көзір облыстың колхоздары мен совхоздарының егін даласында ондаған қуатты комбайндар, тракторлар және басқа да көптеген ауылшаруашылық машиналары жұмыс істейді. Бұл колхоз, совхоздарда негізгі ауылшаруашылық жұмыстарын мезгілінде табысты атқаруға, олардың қоғамдық шаруашылығын жан-жақты өркендетуге орасан зор мүмкіншіліктер туғызуда.

Көзір облысымыздың ауыл шаруашылығының еңбекшілері маусымды науқан—егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарына кірісе бастады. Олар бітік өскен егінді ең қысқа мерзімде ысырапсыз жыйнап, астықты көп дайындауға, сөйтіп, партияның XIX съезінің егіншіліктің мәдениетін батыл көтеріп, ауылшаруашылық дақылдарының барлық көлемінен мол өнім алу жөніндегі қарарларын аброймен орындау жолына өздерінің барлық күш-жігері мен қабілетін аямай жұмсауда. Бірнеше алдыңғы қатарлы колхоздар егін орағына техника мен еңбек ресурстарын барлық жағынан тыңғылықты әзірледі.

Егін жыйнауды ең қысқа мерзімде табысты өткізуде колхоздарда бұл науқан кезіне арнап дұрыс жасалған жұмыс жоспарының зор маңызы бар. Өйткені, әрбір колхозда күні бұрын тынақты жасалған жұмыс жоспарының болуы егін жыйнау мен астық дайындауға күш-мүмкіншіліктердің толық және тиімді пайдаланылуын, ауылшаруашылық дақылдарының ысырапсыз, тез жыйналуын, астықтың мол дайындалуын қамтамасыз етеді. Мұны біз колхоздардың егін жыйнауға тәжірибесінен жылма-жыл көріп келеміз. Демек, партия, совет ұйымдары және ауылшаруашылық орындары, колхоз басшылары егін жыйнау кезіндегі жұмыс жоспарының мезгілінде және дұрыс жасалуын, онда қолда бар күш-мүмкіншіліктерді егін жыйнау мен астық дайындауға тиімді пайдаланудың барлық шараларының көрсетілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Алдыңғы қатарлы колхоздарда егін жыйнау кезіндегі жұмыс жоспарын жасау ісі мезгілінде қолға алынды. Мұндай шаруашылықтарда жұмыс жоспарын жасауға колхозшылар, әсіресе, тәжірибелі егіншілер, механизаторлар, ауыл шаруашылығының мамандары — агрономдар

парды бұлай жасаудың арқашан игілігі нәтиже беретіні сөзсіз.

Газетіміздің бүгінгі санында Полудень ауданындағы Аманкелді атындағы колхоздың егін жыйнау мен астық дайындау кезіндегі жұмыс жоспары жарияланып отыр. Бйылғы егін орағында бұл колхозда 2 егін бригадасы, 2 трактор бригадасы жұмыс істейді, 5 комбайнмен егін жыйналады. Колхоздың жұмыс жоспарының ерекшелігі сол — онда егін жыйнау мен астық дайындау кезінде осы бригадаларда еңбек ұйымдастыру ісі жақсартылып, олардағы егіншілер мен механизаторлардың өнімді жұмыс істеуі, тракторлар мен комбайндарды, егін жыйнайтын, астық тазартатын басқа да машиналарды, күш-көліктерді дұрыс пайдалану арқасында егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарының бір-бірімен тығыз ұштастырыла жүргізілуін, олардың мерзімінен бұрын табысты аяқталуын, мемлекетке астықты көп тапсыруды қамтамасыз етудің нақтылы шаралары баяндалады. Комбайндар белгілі бір бригаданың участогінде егін жыйнады. Колхоздың және бригаданың егін жыйнау кезіндегі жұмыс жоспарында комбайнның жұмыс істеу маршруты белгіленіп, оның қай уақытта қандай участоктың егінін жыйнайтыны, комбайн агрегатын қамтудың тәртібі көрсетілген. Әрбір комбайнды сүйрейдің трактор, оның тракторшылары, комбайнда жұмыс істейтін адамдар, бункерден астық алушылар, комбайн агрегатына су, жанар-жағар майын тасушылар осы күннен бөлініп берілген, олар мұнда бүкіл егін орағы бойынша тұрақты жұмыс істейді.

Егін жыйнау және астық дайындау кезінде жұмыстың көбі қырмандарда істеледі. Комбайнмен бастырылған астық қырмандарда тазартылып, кептіріліп, дайындау пункттеріне жөнелтіледі. Колхоздың жұмыс жоспарында бұл жұмысқа жете назар аударылған. Қырмандарда астық тазалау, кептірілген астықты өлшеу, тиеу жұмыстары кеңінен механикаландырылады. Астық дайындау жұмыстары ауа райының қандай жағдайында болсын үздіксіз жүргізіле береді. Астық тазалайтын машиналар, астық кептіретін орындар мейлінше тиімді пайдаланылады. Қырмандарда астық тазалауға, кептіруге, астық тиеуге, оны дайындау пункттеріне жөнелтуге адамдар, күш-көлік көзірден бастап

әрбір бригаданы шөп шабу, майлау, мол қораларын салу, жөндеу, қыстаулар жанына шөп тасу сияқты ең күрделі жұмыстардың тоқтатылмай, егін жыйнау және астық дайындаумен қатар жүргізілуінде. Егін жыйнау кезіндегі жұмыс жоспарын жасау үетінде бұл есепке алынып, бригаданың әрқайсысында мұндай жұмыстарды жүргізуге өз алдына күш-мүмкіншіліктер бөлінген.

Бірақ, жұмыс жоспарын жасауға барлық жерде бірдей осындай жеткілікті көңіл бөлініп отыр деп айта алмаймыз. Кейбір колхоздарда егін жыйнау кезіндегі жұмыс жоспарын жасауға жете мән бермейді, немесе оны үсірт жасайды. Облыстың бірқатар колхоздары егін жыйнау мен астық дайындау кезіндегі жұмыс жоспарын жасауға күні бүгінге дейін кіріскен жоқ. Мысалы, Булаев ауданындағы «Победа», Ленин атындағы колхоздарда егін жыйнау кезіндегі жұмыс жоспарының жасалмауының өзі-ақ бұған толық дәлел болады. Жоспар жасаудағы бұл сияқты кемшіліктерді, оған мән бермеушіліктің қандайын болсын дереу жою керек. Партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары, колхоз басшылары егін жыйнау кезіндегі жұмыс жоспарын жасау ісін шұғыл қолға алып, оның тез араның ішінде және дұрыс жасалуын қамтамасыз етулері қажет.

Күнілгері ойластырылып, тынақты жасалған жоспардың болуы егін жыйнау мен астық дайындауды ойдағыдай жүргізуге, бұл жұмыстарға күш-мүмкіншіліктерді толық пайдалануға қолайлы жағдай туғызады дедік. Сондықтан егін жыйнау кезіндегі жұмыс жоспарын жасауға егіншілерді, механизаторларды көптеп қатыстыру керек. Бұл, сөз жоқ, жоспарды тыңғылықты жасауға мүмкіндік береді.

Жоспар жасаумен іс бітпейді. Олай болса, істің түйіні—жасалған жоспардың мінсіз жүзеге асырылуын қамтамасыз етуде. Партия, совет ұйымдары және ауылшаруашылық орындары әрбір колхозда егін жыйнау кезіндегі жұмыс жоспарында көрсетілген шараларды ойдағыдай жүзеге асыруға барлық жағдайларды жасауға міндетті. Егін жыйнау мен астық дайындау ізуканының қысқа мерзімде табысты өткізілуі ең алдымен міне, осыған байланысты.

ҚАЗАҚСТАН МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ СЪЕЗИ

30 июльде Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында мұғалімдердің республикалық съезі ашылды. Оның жұмысына Қазақстанның барлық аудандарынан келген 1200-ден аса мұғалімдер, халық ағарту қызметкерлері қатысуда. Съезге Қырғыз ССР-нің Оқу министрі Токтоғонов жолдас бастаған Қырғызстаннан келген қонақтар қатысып отыр. Сахнаның төрінде — В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің портреттері. Танертенгі сағат 11-де президентум столы жанына Қазақ-

стан КП Орталық Комитетінің Секретары Шаяхметов жолдас, Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі Тайбеков жолдас келді. Қазақстан КП Орталық Комитетінің және Қазақ ССР Министрлер Советінің тапсыруы бойынша республиканың Оқу министрі Сембаев жолдас мұғалімдердің республикалық съезін ашық деп жариялады. Бұдан кейін съезд басқару органдарын сайлады. Съездің күн тәртібі және жұмыс тәртібі бірауыздан бекітілді. «Республикада халық ағарту ісінің

жайы және СОКП XIX съезінің қарарлары негізінде оны жақсарту шаралары туралы» Қазақстан КП Орталық Комитетінің Секретары Шаяхметов жолдас баяндама жасады. Баяндамадан кейін жарыссөз басталды. Театрдың жоғарғы залындағы фойеде Совет өкметі жылдарында Қазақстанда халық ағарту ісінде қол жеткен зор табыстарды баяндайтын үлкен көрме ашылған. Съезд бірнеше күнге созылады.

қу және астық дайындау жұмысын өздеріміздің жалпы жиналыстарымызда талқылап, мынадай социалистік міндеттемелер алдық:

1. Жаңа егінді 20—25 жұмыс күні ішінде ысырапсыз жыйнап аламыз.
2. Егін жыйнауың алғашқы күндерінен бастап мемлекетке жаппай астық тапсыруды кең өрістетеміз, сөйтіп, астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын әрбір колхоз бен совхозда 1953 жылы 20 сентябрьге орындаймыз.
3. Барлық колхоздар мен совхоздарды өздері өсірген жоғары сапалы тұқыммен қамтамасыз етеміз. Тұқым құюды егін жыйнау басталысымен бір ай ішінде аяқтаймыз. Қажетті жем қорларын және басқа қоғамдық қорлар жасаймыз, колхозшылардың еңбеккүндеріне берілетін астықтың мөлшерін едәуір көбейтеміз.
4. Егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жөніндегі өзіміздің міндеттемелерімізді орындау мақсатымен, комбайндардың және егін жыйнайтын басқа машиналардың, жұмыс көлігінің, автомашиналардың, вейялқалардың, триерлердің және астық тазартатын басқа машиналардың жұмыс өнімділігін арттыру үшін әрбір колхоздағы, МТС-тегі және совхоздағы

Бұл үндеу Ақмола облысының колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің, МТС-тер мен совхоздар, дайындау пункттерінің, автомобиль шаруашылықтары қызметкерлерінің және ауыл шаруашылығы мамандарының жалпы жыйналыстарында талқыланып, қабылданды.

Қазақстан КП Орталық Комитеті + де

Ақмола облысының колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің, МТС-тер, совхоздар, дайындау пункттері, автомобиль шаруашылықтары қызметкерлерінің және ауыл шаруашылығы мамандарының Қазақ ССР ауыл шаруашылығының барлық еңбекшілеріне арнаған үндеуі туралы

Қазақстан КП Орталық Комитеті Ақмола облысының колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің, МТС-тер, совхоздар, дайындау пункттері, автомобиль шаруашылықтары қызметкерлерінің және ауыл шаруашылығы мамандарының Қазақ ССР ауыл шаруашылығының барлық еңбекшілеріне арнаған, егінді қысқа мерзімде жыйнау және астық дайындау жоспарын 1953 жылғы 20 сентябрьге орындау туралы үндеуін мақұлдады.

Қазақстан КП Орталық Комитеті облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттеріне ақмолалықтардың үндеуін колхозшылардың, МТС-тер, совхоздар, дайындау пункттері және автомобиль шаруашылықтары қызметкерлерінің жалпы жыйналыстарында талқылап, бригадаларда, колхоздарда, МТС-терде, совхоздарда, дайындау пункттерінде, автомобиль роталарында және автобазаларда егінді мезгілінде, ысырапсыз жыйнауы,

1953 жылы мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындауды көздейтін социалистік жарысты кеңінен өрістетуді міндеттеді. Республикалық және облыстық газеттердің редакторларына, Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің радиохабар басқармасына ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің социалистік жарысының барысын үнемі баяндап отыру тапсырылды.

Облысымыздың егін даласында

Алғашқы астық — мемлекетке

Партияның XIX съезінің социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі тарихи қарарларын аброймен орындау жолындағы күресті күшейте отырып, Петропавл ауданының көптеген колхоздары көктемгі егісті агротехникалық қолдайлы мерзімде өткізді, егінді күтіп, баптау ісін тыңғылықты ұйымдастырды. Осының нәтижесінде колхозшылар бйылғы егіншіліктің мәдениетін батыл көтеруге, бітік егін өсіруге мүмкіндік алды.

Ауданның бірқатар колхоздарында ерте өгілген дәнді дақылдар пісіп, оруға келді. Бұл күндері аудан колхоздары бірінен соң бірі ерте өгілген дәнді дақылдарды орып, жыйнауға шығып жатыр. Чапаев атындағы колхоз дәнді дақылдар жыйнауға облыста бірінші болып шықты. Колхоз алғашқы күннен бастап бастырылған астықты дайындау пункттеріне жөнелтуді ұйымдастырды. Бұл колхоз егін жыйнау

басталған күннің ертеңінде-ақ мемлекетке 25 центнер астық тапсырды. Сталин атындағы колхоз да егін жыйнауға тыңғылықты әзірлікпен кірісті. Көзір мұнда сулы шабу басталды. Колхозшылар комбайнмен бастырылған астықты қолма-қол қырмандарға тасып және тазалап дайындау пункттеріне жөнелте бастады. Кеше бұл колхоз дайындау пункттеріне 60 центнер астық жөнелтті. Егін жыйнауға ауданның Калинин атындағы колхозы да кіріскен. Мұнда бірінші сменалардың өзінде-ақ ондаған гектар арпа дақыл жыйналды. Колхозшылар бастырылған арпаны тазалап, мемлекетке тапсыруға әзірлеуде. Ерте өгілген дәнді дақылдарды жыйнауға ауданның басқа да бірнеше колхоздары кірісті.

АЛҒАҢ ҚЫ КҮНДЕРДЕ

Көнюхов ауданының бірқатар колхоздары бйылғы егін орағына жақсы әзірлікпен кірісті. Мұндай колхоздар ерте піскен дақылдарды жыйнай бастады. Мичурин атындағы колхозда бидайық шөбі кең көлемде өгілген болатын. Колхозда бйылғы бидайықтың шығымы жақсы. Көзір колхозда бидайық ору жүріп жатыр. Бұл колхозда аудандық Советтің депутаты, комбайншы Калиновский жолдас жұмыс істейді. Ол бидайық оруға өз комбайнын бірінші болып қосты. Бурнағы күні од тіркеудегі бір «Сталинец—6» комбайнымен 23 гектар жердің бидайығын орып жыйнады. Таңдаулы комбайншы бйылғы маусымда сменалық тапсырманы күн сайын біржарым есе асыра орындауға міндеттенген болатын. Өзі жүргізетін комбайнды жоғары техникалық күтімде ұстау және оны жұмысқа толық қуатымен қоса білу нәтижесінде ол орақтың алғашқы күндерінен-ақ жақсы нәтижелерге ие болды.

Егін жыйнау мен астық дайындауды жоспарлы түрде ұйымшылдықпен өткізейік

Полудень ауданындағы Аманкелді атындағы колхоздың егін жыйнау, астық дайындау кезіндегі жұмыс жоспары

Егін жыйнау маусымының жаппай басталуына аз-ақ күн қалды. Облысымыздың басқа колхоздары сияқты Полудень ауданының Аманкелді атындағы колхозының алдында да жауапты міндет тұр. Ол —егінді ең қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мезгілінде орындау, келесі жылдың егін саналы тұқыммен қамтамасыз ету болып саналады.

Быйыл колхоздың егін бітік өсуде. Өткен жылы колхоз егіннің әрбір гектарынан орта есеппен 11 центнерден өнім алса, быйыл 14 центнерден өнім алуға ұйғарып отыр. Ал, жазғы бидай егілген аядаңның кейбір участоктерінің гектарынан 15—20 центнерден өнім алынбақ. Үстіміздегі жылы колхоз 1759 гектар дөңді дақылдар, 71 гектар майлы және техникалық, 50 гектар көпжылдық шөп және 37 гектар картоп, овощ егістерін жыйнайды. Бұдан барлығы 25 мың центнердей өнім алынады.

Егінді ысырапсыз қысқа мерзімде жыйнау —жақсы әзірлікті, асқан ұйымшылдықты қажет етеді. Егін жыйнау және астық дайындау мен қоғамдық малға күнарлы жемшөп өндіру, күздік дақылдарды себу, зябь жырту сияқты жұмыстар ұштастырыла жүргізіледі.

Осы жұмыстарды бір-бірімен ұштастыра жүргізу үшін колхозда күш- мүмкіншілік жеткілікті. Мұнда жұмысқа жарамды 240 колхозшы бар. Одан 108 адам егін бригадаларында, 46 адам трактор бригадаларында, 49 адам мал фермаларында және 37 адам басқа участоктерде жұмыс істейді.

Егін жыйнауда 5 комбайн жұмыс істейді. Мұның екеуі —«Сталинец—1», екеуі —«Сталинец—6», біреуі — өздігінен жүретін комбайн. Бұлардың барлығымен тәулігіне 68 гектар егін жыйналады. Комбайндар дән тұтқыштармен және сабан шемелелештермен жабдықталған. Комбайндарға лущильниктер тіркеліп, егін орны іле- шала сыдыра жыртылды. Сөйтіп, комбайн агрегаты жүріп бара жатқанда егінді орып, астықты бастырып, егін орнын сыдыра жырттып отырады және егіннің сабағын шемелелейді. Сонымен қатар бункерден астық комбайн жүріп бара жатқанда алынады.

Егін орағына 3 лобогрейка қатыстырылады. Астық тазалауда 10 сортровка, астық тазалауға бейімделген қайта жабдықталған «МК—1100» молотилкасы жұмысқа қосылады. Астық дайындауға 110

Партияның XIX съезі барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыруда ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына жауапты міндет қойды. Кезір облысымыздың егіншілері бұл міндетті жүзеге асырудың шешуші кезеңі —егін жыйнау мен астық дайындауға кірісе бастады.

Егін жыйнау және мемлекетке астық тапсырудың үлгілі ұйымдастырылуы жұмыстың жоспарлы жүргізілуіне, күш- мүмкіншіліктің іске толық қатыстырылуына тығыз байланысты.

Полудень ауданындағы Аманкелді атындағы колхоздың егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарының жоспарында бұл науқанды табысты өткізудің барлық шаралары көрсетілген. Жоспар колхоз басқармасы мүшелерінің, комбайншылардың, трактор бригадасы, егін бригадасы бригадирлерінің және ауыл шаруашылығы мамандарының қатысуымен жасалып, колхоз басқармасының мәжілісінде бекітілген.

Газетіміздің осы бетінде Аманкелді атындағы колхоздың егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарының жоспарын жариялап отырмыз.

Маршрут-жоспар

№ 11 ТРАКТОР БРИГАДАСЫНДАҒЫ № 1 КОМБАИН АГРЕГАТЫ, АГРЕГАТТА «СТАЛИНЕЦ—6» КОМБАИННЫ, «ДТ—54» ТРАКТОРЫ БАР, КОМБАИНҒА ЛУЩИЛЬНИК ТІРКЕЛГЕН

Дақыл ар-дың түрі	Жұмыс орны (ауыс палы егіс, дала және егін жыйналатын жер аттары)	Жерің көлемі (гектар есебімен)	Алынатын өнім		Тәуліктік жұмыс тапсырмасы		Участоктің егін жыйнау мерзімі (күн есебімен)
			Әрбір гектардан	Барлық егіс көлемінен	Гектар	Центнер	
Бидайық	Ферма маңындағы № 4 дала	16	2	32	16	32	1,0
	«—»	10	0,8	8	10	8	0,7
Бидайық	№ 5 шалғынды дала	24	2	48	14	28	1,7
Қара бидай	Ауыспалы егісті № 8 дала	50	9	450	14	116	3,2
	Ферма маңындағы № 7-8 дала	34	18	612	14	252	2,4
«—»	Ауыспалы егісті № 6-7 дала	130	15	1950	14	230	9,1
	Ауыспалы егісті № 10 дала	106	13	1378	14	182	7,6
Барлығы		370	—	4478	14	—	25,7

КОМБАИН АГРЕГАТЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕУШІЛЕР

Фамилиясы, әкесі және өз аты	Атқаратын жұмысы	Машина, күш-көлік және құрал-саймандар
1. Сабельфельд А. Ф.	комбайншы	«Сталинец—1» комбайны
2. Гофман Е. И.	комбайншының көмекшісі	«—»
3. Гофман Г. И.	тракторшы	трактор «ДТ—54»
4. Диркс Э. И.	«—»	«—»
5. Токарев П. И.	шофер	Автомашина ГАЗ-А-А
6. Поф А. Е.	Сабан шемелелеуші	«—»
7. Энес В. И.	«—»	«—»
8. Диринг И. К.	Егін ораушы	қолорақ
9. Фольд В. И.	«—»	«—»
10. Шефер В. В.	су тасушы	екі жұмыс өгізі, 1 арба
11. Энес И. И.	жанар май тасушы	«—»
12. Сербин Н. Н.	жанар май беруші	1 жұмыс аты, 1 арба

Маршрут- жоспар дақылдардың пісуі- не қарай жасалған. № 1 агрегатпен 320 гектар дөңді дақылдар жыйналып, одан 4390 центнер өнім алынады. Осы сияқ-

Егін бригадасының жұмыс жоспары

Астық ысырабына жол бермеу —бригаданың егін жыйнау кезіндегі ең негізгі міндеті. Ал, астық ысырабына жол бермеу үшін егін жыйнауды мерзімінде өткізу, барлық жұмыстарды комплексті механикаландыру, комбайннан түскен астықты дереу тазартып, дайындау пунктіне үздіксіз жөнелтіп отыру керек. Егінді орғаннан кейін сабан мен мөкенді дереу тасып, үюді ұйымдастыру қажет. Осының барлығы егін жыйнайтын күрделі машина —комбайн агрегаттарының тоқтаусыз жұмыс істеуіне тығыз байланысты. Демек, егін бригадасының жұмыс жоспары әрбір комбайн агрегатының өнімді жұмыс істеуіне, олардың маршрут- жоспары тыңғылықты жасалуына, комбайншылардың үздіксіз табысты еңбек етуіне лайық жасалуға тиіс.

Комбайн агрегатының егін оратын маршруты белгіленіп, схемасы жасалғаннан кейін қорытынды таблица жасалады. Мұнда әрбір комбайн агрегаты бойынша егіннің түрі, көлемі, алынатын астық

мөлшері көрсетіледі. Таблицада комбайндардан басқа машиналармен атқарылатын жұмыстар: жемшөп дайындау, картоп, овощ жыйнау, күздік бидай егу, аңызды сыдыра жырту, зябь жырту жұмыстары көрсетіледі. Міне, бригаданың жұмыс жоспары осыған байланыстырыла жасалады. Мысалға № 2 бригаданың жұмыс жоспарын (№ 3 таблица) алуға болады.

№ 1 егін бригадасының жұмыс жоспарының айырмашылығы сол —мұнда екі комбайн агрегаты жұмыс істейді. Астық дайындау, егін жыйнау жұмыстарының жүргізілуі № 2 бригададағыдай. Екі бригада да 87 гектар егін лобогрейкамен орылады, бұл жұмысқа үш лобогрейка бөлінеді.

Бригаданың жұмыс жоспарының негізінде жалпы колхоз бойынша егін жыйнау кезіндегі жұмыс жоспары жасалады. Колхозда егін жыйнауда орындалатын негізгі жұмыстар төмендегідей:

Жұмыстың түрі	Жұмыс күні	мерзімі
Дөңді және майлы дақылдарды жыйнау	25	5.08— 1.09
Комбайндардан астықты тасу	25	5.08— 1.09
Астықты екі рет тазалау	25	6.08— 2.09
Мемлекетке астық тапсыру	25	10.08— 5.09
Сабанды тасып, маяға салу	10	15.08—25.09
Егінді орылған аңызды сыдыра жырту	20	10.08—30.08

Осыдан кейін колхоздың жалпы жұмыс жоспарында еңбек етуге жарамды адамдарды түгел есепке алып, олардың әр қайсысын жұмысқа орналастыру керетіліген. Әрбір бригада бойынша колхозшылардың қай жерде, қандай жұмыс істейтіндіктері жөнінде тізім жасалып, ол әрбір колхозшыға күні бұрын естірілген.

Қырмандарда еңбекті ұйымдастыру

Өткен жылдардың тәжірибесі егін жыйнау кезінде ауа райының әртүрлі болатынын дәлелдейді. Осыған байланысты жұмыс жоспарын жасағанда қырмандарда астықты жауын- шашынды күндері де тоқтаусыз қабылдауға және дайындауға жете көңіл бөлінген. Комбайн бункерінен алынған астықтың дымқылдығы 20 проценттен кем болуы өте сирек кездеседі. Кейде астықтың дымқылдығы 30 процентке дейін жетеді. Соңдықтан комбайннан алынған астықты қабылдап, оны тазартатын кентіретін орын жетек қыр-

Жұмыс адамын егін жыйнау жұмыстарына бөлу ісінде еңалдымен комбайн агрегаттарының құрамы тельяқтырылды. Мұнда жұмыс істеуге өткен жылдары комбайн агрегаттарында еңбек еткен колхозшылар тағайындалды. Әрбір агрегаттың құрамы колхоз басқармасының мәжілісінде бекітілген.

Екінші астық қырманында астық тазалауға бейімделген «МК—1100» молотилкасы және 4 сортровка жұмыс істейді.

Колхозда комбайндармен бастырылған астықты күнбе- күн тазалап және кентіріп, дайындау орындарына жөнелтілуге күш- мүмкіншілік жеткілікті. Колхозшылар тұқымдық дөңді 15—20 жұмыс күні ішінде тазартып, оны астық қоймаларына тасып алмақ.

Быйыл колхоз орта есеппен мемлекетке 8 мың центнердей астық тап-

МАРШАЛ КИМ ИР СЕНГЕ КОРЕЙ ХАЛЫҚ- ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАТЫРЫ АТАҒЫН БЕРУ

ПХЕНЬЯН, 30 июль. (СОТА). Кореяның Орталық телеграф агенттігі маршал Ким Ир Сенге Корея Халық-Демократиялық Республикасының Батыры атағын беру туралы КХДР Жоғарғы Халық жыйналысы Президиумының Указын берді.

Корея Халық-Демократиялық Республикасы Жоғарғы Халық жыйналысының Президиумы, делінген Указда, өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін американи интервенттеріне қарсы әділетті азаттық отан соғысында бүйіл корей халқының ұйымдастырушысы және басшысы КХДР Министрлер Кабинетінің Председателі, Корея Халық армиясының Бас командашысы маршал Ким Ир Сенге Корея Халық-Демократиялық Республикасының Батыры атағын беруге және бірінші дәрежелі Мемлекеттік Ту ордені мен Алтын Жұлдыз медалін қоса тапсыруға қаулы етті. Ол қаһарман корей Халық армиясына өзінің көрнекті басшылық жаусауымен корей халқының тамаша жеңісін қамтамасыз етті.

ГЕНЕРАЛ ПЫН ДЭ-ХУЭЙГЕ КОРЕЙ ХАЛЫҚ- ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАТЫРЫ АТАҒЫН БЕРУ

ПХЕНЬЯН, 30 июль. (СОТА). Кореяның Орталық телеграф агенттігі қытай халық еріктілерінің командашысы генерал Пын Дэ-хуэйге Корея Халық-Демократиялық Республикасының Батыры атағын беру туралы КХДР Жоғарғы Халық жыйналысы Президиумының Указын берді.

Корея халқының американи интервенттеріне қарсы азаттық отан соғысына қатысу үшін, делінген Указда, ұлы қытай халқы американи агрессиясына қарсылық көрсету және Кореяға көмек көрсету қозғалысының құрметті туын жоғары көтеріп, корей майданына қытай халық еріктілерінің бөлімдерін жіберді. Олар өздерінің қанымен корей халқына көмек көрсетті, сөйтіп, оға дұшпанның басып кіруіне тойтарыс беруге және жеңісті жеңіп алуға көмектесті. Корея Халық-Демократиялық Республикасының Жоғарғы Халық жыйналысының Президиумы азаттық отан соғысында біздің халқымыздың жеңісіне қамтамасыз ету ісінде көрсеткен көрнекті ерлік істері үшін қытай халық еріктілерінің командашысы генерал Пын Дэ-хуэйге Корея Халық-Демократиялық Республикасының Батыры атағын беруге және бірінші дәрежелі Мемлекеттік Ту ордені мен Алтын Жұлдыз медалін қоса тапсыруға қаулы етті.

КОРЕЯДАҒЫ УАҚЫТША КЕЛІСІМ ЖАЙЫНДА

ПЕКИН, 30 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің корей майданынан

жұмыс көлігі, бірнеше арба және 4 автомашина қатыстырылады.

Өткен жылдардың тәжірибесі егін жыйнау маусымының үлгілі өткізілуі егіншілер арасында еңбектің дұрыс ұйымдастырылуына, комбайн агрегаттарының өнімді жұмыс істеуіне тығыз байланысты екенін дәлелден отыр. Егін жыйнауға техника қуатын және колхоздың еңбек ресурстарын толық пайдалану үшін егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарының тығыздығы жасалған жұмыс жоспары орасан зор роль атқарады. Міне, сондықтан да Аманкелді атындағы колхоздың жұмыс жоспарында егін жыйнау мен астық дайындауға күш-мүмкіншіліктерді дұрыс пайдаланудың жолдары белгіленген. Бұл жоспарда әрбір бригаданың, әрбір комбайн агрегатының, колхозшының қай жерде, қай уақытта, қандай жұмыс атқаратыны атап көрсетілген.

Комбайн агрегатының жұмыс нормасы

Колхозда екі егін бригадасы бар. Олардың егін даласында бес комбайн жұмыс істейді. Комбайнның екеуі—№1 бригадасы, үшеуі—№2 бригадасы. Егін жыйнауға комбайндардың өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатымен әрбір комбайн агрегатының маршруты белгіленіп берілген. Егін және трактор бригадаларының бригадирлері есепшілермен бірлесіп, әрбір егістік алаңға тұқымдық қай уақытта себілген мерзімін және егіннің шеш жетілуін ескере отырып, қай кезде қандай участоктің егінін орауға болатындығын анықтайды. Осыдан кейін бұл жоба арнаулы таулицқа енгізіледі. Онда дақылдың түрі, көлемі, алынатын өнімнің мөлшері көрсетілген. Мұның өзі жоспардың дұрыс жасалуына мүмкіндік туғызды.

Бұл жұмыстарды аяқтағаннан кейін әрбір агрегаттың жұмыс жоспарын жасау және маршрут белгілеу жеңіл болады. Нормалар бойынша әрбір «Сталинец» комбайнымен 356 гектар, ал, өздігінен жүретін комбайнмен 300 гектар алаңның егінін жыйнау керек. Бұл «Сталинец» комбайнымен бір күнде 14 гектар, өздігінен жүретін комбайнмен 12 гектар жердің егінін жыйнауды қажет етеді.

Комбайн агрегатының жұмыс жоспарын жасағанда бір бригадасындағы комбайндардың топ болып жұмыс істеу жөніндегі комбайншылардың талаптары ескеріледі. Мұның өзі комбайндар мен тракторларға техникалық көмекті бір жерде көрсетуге және бункерден астық қабылдауды ұйымдастыру турде жүргізуге қолайлы жағдай туғызады.

Екі егін бригадасындағы барлық комбайн агрегаттарының маршруттық схемалары бойынша көрсетілген. Мысалы үшін біз төменде бір комбайн агрегатының егін жыйнау кезіндегі маршрут-жоспарын көрсетпекпіз.

ты, басқа агрегаттардың маршрут-жоспары да жасалды, әрбір комбайншы қанша егін жыйнап, одан қанша өнім алатындығын күні бұрын біледі.

Комбайншылар егін жыйнайтын участоктерін кезірдің өзінде көріп, оны ақт бойынша қабылдап алды. Барлық комбайншылар өткен жылыдай, быыла да күндік жұмыс тапсырмаларын артығымен орындауға жетісетіндіктеріне толық сенеді. Быыл агрегатта еңбекті дұрыс ұйымдастыру арқылы комбайншылар жұмысты сағаттық график бойынша жүргізеді. Жұмысты сағаттық график бойынша істеу еңбек өнімділігін арттыруды қамтамасыз етеді. Бұл үшін ең алдымен комбайншы бір сағатта қанша егін орнатыны және астық бастыратынын біліп алады. Содан кейін комбайншы бір күнде неше гектар егін жыйнайтынын біледі. Әрбір агрегатта күндік жұмыс жоспары болады. Ол маусымдық жоспардың негізі-

сырмаларын артығымен орындауына мүмкіндік береді.

Комбайн агрегатының мүшелері егіннің ысыраққа ұшырамауына жете көңіл бөледі. Олар егінді төмен орауға, дән тұтқыштарды уақтылы тазалап отыруға, егіннің таза бастырылуына жетіспек.

Бункерден астық комбайн жүріп бара жатқанда алынады. Комбайндар жетілдірілген екінші- үшінші астық тазартқыш механизмдермен жабдықталған. Егін орағанда масақтың жерде қалып қоймауы үшін хелердің қалқаны биіктетілген, мотобильдің планшалары бризентпен қапталған.

Егін бригадасының бригадирлері комбайндармен орылған егін алаңын күнбе-күн ақт бойынша қабылдап алып отырады. Ал, колхоз председателі мен агроном егін орылған участокті әрбір бес күнде бір қабылдайды.

мандары болып табылады. Колхозда үш астық қырманы бар. Оның біреуі—№1, екеуі—№2 бригадасы. №2 бригаданың қырмандары тәулігіне 400-500 центнер астық қабылдай алады. Негізгі астық қырманы колхоз орталығында. Бұл қырмандарда астық дайындау жұмыстары механика күшімен атқарылады. Мұнда «Григоревич» астық кептіргіші орнатылып, онымен күніне 200—250 центнер астық кептіріледі. Бұдан басқа екі вялка жұмыс істейді.

Қоғамдық малды жемшөппен және қорамен қамтамасыз ету

Колхоз егін жыйнау және астық дайындау кезінде қоғамдық малға жемшөпті дайындау, қораларды салу, жөндеу жұмыстарын тоқтаусыз жүргізе береді. Өйткені, колхозда қоғамдық мал саны үздіксіз көбейе түседі. Қоғамдық малды құнарлы азықпен қамтамасыз ету мақсатымен колхозда егін жыйнау кезінде екі

сыруға тиіс. Мұның өзі күн сайын дайындау пункттеріне 320 центнер астық тапсыруды талап етеді. Дайындау пункттеріне астық үш автомашинамен тасылды, олар дайындау пункттеріне күніне кемінде 5—6 рет қатнайды.

Егін жыйнау кезінде әрбір бригадасы астықты дұрыс есепке алудың, оны сақтаудың шаралары белгіленді. Өртке қарсы қолданылатын құралдар жеткілікті. Астыққа күні- түні күзет қойылады.

бригаданың әрқайсысында 600 гектар жердің пішені шабылып, 5 мың центнердей мал азығы дайындалады. Мұнымен бірге 10 мың центнердей сабан мен мекен жыйналып, маяға салынады. Ол үшін екі трактор сүйретпесі бүкіл егін орағы бойына үздіксіз жұмыс істейді.

Қыстаулар қасына мал азығын тасу үлгілі ұйымдастырылады. Колхозда 250 тонна шөп сүрленген. Әлі де 100 тонна шөп сүрленеді. Сол сыяқты 20 гектар жеміс тамырлы дақыл егілген алаңның әрбір гектарынан 140 центнер өнім алу көзделіп отыр.

* * *

Еңбектің дұрыс ұйымдастырылуы және өнімді болуы егіншілер арасында социалдік жарыстың кең өріс алуына, үгіт-бұқаралық жұмыстың пәрменді жүргізілуіне, бұл жұмыстың өндірістік міндеттер мен ұштастырыла жүргізілуіне және партия ұйымының нақтылы басшылық етуіне тікелей байланысты. Колхоз партия ұйымында 9 коммунист, комсомол ұйымында 38 комсомолец бар. Егін жыйнау кезінде коммунистер мен комсомолецтер жұмыстың ең шешуші участоктерінде істейтін болады. Мұнымен бірге, коммунистер мен комсомолецтер егіншілер арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізеді. Бригадасында жауынгерлік листоктар, қабырға газеттері белгіленген күндері үздіксіз шығарылып тұратын болады. Әрбір бригадасы саяси және әдебиет кітаптары мен газет, журналдар уақтылы жеткізіліп тұрады. Оның үстіне көшпелі кітапхана жұмыс істейді. Онда кітаптармен бірге, дойбы, шахматтар, музыкалық аспаптар болады.

Жұмысқа барлық колхозшы әйелдерді қатыстыру мақсатымен екі бригадасы екі балалар ясли ұйымдастырылды. Ясли төсек-орын, азық және басқа қажеттермен жабдықталған.

* * *

Аманкелді атындағы колхоздың колхозшылары быыл егін жыйнауды жасалған жұмыс жоспары бойынша жүргізіп, бұл ізуканды 25 күнде аяқтауға, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындауға міндеттеніп отыр. Колхозшылардың бұл құрметті міндеттерді аброймен орындап шығатындығына күмән жоқ.

29 июльде берген хабарында былай делінген:

Корей Халық армиясы және қытай халық еріктілері демилитарландырылған аймақтан шегіне бастады.

28 июльде таңертеңгі сағат 4-тен бастап корей және қытай транспорт бөлімдері Кумсонның оңтүстігіндегі Нонган өзенінің батысына таман жердегі орталық майданда корей-қытай халық әскерлерінің алдыңғы шептерінен соғыс жүзетін демилитарландырылған аймақтың солтүстік шекарасының сыртына тасуда болды. Дәл осы уақытта корей-қытай халық әскерлерінің кейбір жауынгерлік бөлімдері демилитарландырылған аймақтан шегіне бастады.

ПЕКИН, 30 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі корей майданынан мынаны хабарлады:

Корей Халық армиясының және қытай халық еріктілерінің барлық жауынгерлік бөлімдері Корей Халық армиясының Бас командашысы маршал Ким Ир Сеннің және қытай халық еріктілерінің командашысы генерал Пын Дэ хуэйдің бұйрығына сәйкес Кореядағы уақытша бітім туралы келісім күшіне кіргеннен кейін 72 сағаттың ішінде демилитарландырылған аймақтан шегінуді аяқтады.

ИТАЛИЯДА ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

РИМ, (СОТА). «Унита» газеті Италияның әртүрлі қалаларында ереуілдер болғандығын, оларға жалақының арттырылуын талап етіп отырған көптеген кәсіпорындары еңбекшілерінің қатысып отырғандығын хабарлайды. Венецияда және өнеркәсіп орталығы Порто-Мартерде химия өнеркәсібі кәсіпорындарының, шыны және керамика заводтары жұмысшыларының екі сағаттық ереуілі болған. Мессина қаласында барлық кәсіпорындарының еңбекшілері 24 сағат ереуіл жасаған.

ШВЕЦИЯ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ХАБАРЫ

СТОКГОЛЬМ, (СОТА). Швеция сыртқы істер министрлігі уақытша бітім туралы шарттардың жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комиссияның Токиодағы шведтік контингенті бүгін Кореяға ұшып шықты деп хабарлады.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЕГОР БУЛЫЧОВ ЖӘНЕ БАСҚАЛАРЫ»

Сеанстар сағат 8-10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«МЕНИҢ УНИВЕРСИТЕТТЕРІМ»
Сеанстар сағат 4-те басталады.

№ 2 ЕГІН БРИГАДАСЫНЫҢ ЕГІН ЖЫЙНАУ КЕЗІНДЕГІ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Жұмыстың аты	Агрегаттың құрамы	Жыйнайтын дақылдар	Жұмыс орны (ауыспалы егіс, дала)	Жұмыс көлемі (гектар есебімен)	Әрбір гектардан алынатын өнім	Күнделікті тапсырма (гектар есебімен)	Жұмыс күні	Жұмыс адамы	Күнделікті жұмысқа қажет	
									Жұмыс көлігі	Машина мен құрал-саймандар
Комбайнмен егін жыйнау, аңызды сыдыра жырту, сабанды шөмелелену	Комбайн агрегаты (комбайншы Сабельфельд) «Сталинец — 1» комбайны «ДТ—54» тракторы, лучильник	Бидайық	Ферма маңындағы № 4—5 дала	40	2	14	2,8	12	—	Автомашинна газ «АА»
			№ 4 дала	10	0,8	14	0,7	—	«	
			Ауыспалы егісті № 8 дала	50	9	14	3,2	—	«	
			Ферма маңындағы № 7—8 дала	34	18	14	2,4	—	«	
			Ауыспалы егісті № 6—7 дала	130	15	14	9,1	—	«	
			Ауыспалы егісті № 10 дала	106	13	14	7,5	—	«	
№ 1 агрегат бойынша			Шалғынды № 7—8 дала	370	—	14	25,7	—	—	
егінді көлік күшімен жыйнау	Сұлы	Сұлы	Ауыспалы егісті № 3 дала	8	3	12	0,7	—	—	—
			« № 3 дала	48	5	12	4	—	—	—
Сабанды маялау	2 «СТЗ» тракторы, сүйретпе	—	—	500	—	50	10	8	—	2 арба
Астықты екі рет тазалау және іріктеу	Астық тазалауға бейімделген «МК — 1100» молотилкасы, сортировка	—	—	10000	—	400	25	18	—	—
Тұқымдық дөңді тазалау	—	—	—	1200	—	140	9	—	—	—
Қоймаларға тұқымды тасу	Күш-көлік	—	—	1200	—	50	24	4	—	2 арба
Мемлекетке астық тапсыру	автомашиннамен	—	—	5000	—	200	25	8	—	2 автомашинна
Картонты жыйнау	Адам күші	—	—	6	80	0,5	12	10	—	—
Жеміс тамырлы егісті жыйнау	—	—	—	10	140	0,5	20	10	—	—
Күздік егісті себу	«СТЗ» тракторы	—	—	150	—	18	8	6	—	—
Зябь жырту	«ДТ—54» трактор	—	—	655	—	—	15	10	—	—
Шөп шабу	трактор, кеңалымды шөп машинасы	—	—	600	—	20	30	10	—	2 ат тырнауышы, 4 арба

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.